

## **"Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы"**

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-саяси бөлімінің Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 200 Жарлығына түсініктемесі

Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, патриоттық тәрбие жүйесін жоспарлы түрде дамыту арқылы Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға дайындығын тәрбиелеу мақсатында әзірленді.

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаттары, соның ішінде:

азаматтардың мақсаты топтарының бойында байыпты азаматтық ынтымақтастық пен қатыстылық, этносаралық және тұлғааралық өзара түсіністік сезімін қалыптастыруға ықпал ететін ұйымдастырушылық алғышарттары мен шаралар жүйесін қ ұ р у ;

тұтастай алғанда мемлекет пен қоғамның, жеке алғанда мемлекет пен оның азаматтарының өзара іс-қимылын, атап айтқанда қазақстандық патриотизмді, төзімділікті, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу жөнінде кешенді іс-шараларды өткізу кезінде қамтамасыз ету;

өркениетті азаматтық және тұлғааралық қатынастардың қалыптасуына жағдайлар мен әлеуметтік алғышарттар жасау болып табылады;

Тұтастай алғанда Мемлекеттік бағдарлама азаматтардың Отанның мүддесіне жасампаздық қызмет атқаруы, мемлекетті нығайту, оның ұлттық мүдделерін қорғау мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қажет маңызды қасиеттерін дамытуға а р н а л ғ а н .

Мемлекеттік бағдарламаның жобасын әзірлеу үдерісінде Қазақстанның жастар конгресі кеңесінде, Білім беру мен ғылым саласы қызметкерлерінің жалпы республикалық форумында, Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссияда талқылаудан өтті. Мемлекеттік бағдарлама ғылыми ортаның, қоғамдық ұйымдардың, жастардың, сондай-ақ тәрбие мен білім беру саласында қызмет ететін мемлекеттік органдар мен мекемелердің пікір-көзқарастарын танытады.

Мемлекеттік бағдарламаның қабылдануы Қазақстан Республикасында патриоттық тәрбиені дамыту жөніндегі салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламалар әзірлеуге негіз болады.

*Қазақстан  
Президенті*

*Республикасы  
Әкімшілігінің*

*Әлеуметтік-саяси бөлімі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ